



Астана 2024, № 10

## Каспий теңізінің Қазақстандық жағалауы үшін 2024 ж. қазан үшін ай сайынғы гидрометеорологиялық шолу.

Барлық ағымдағы деректер "Қазгидромет" РМК мониторингінің өңделмеген (жедел) деректері болып табылады.

Қазан айында 2 желкөтерме-желшегерме құбылыстары байқалды, Форт-Шевченко станциясында теңіз деңгейінің жоғарылауы 20 см-ге, деңгейдің төмендеуі 21 см-ге тең болды.

### Теңіз деңгейі.

Максимум Иголкинская банка пунктінде – 124 см, ал минимум Құрық пунктінде - минус 190 см болып тіркелді. Орташа деңгей минус -102 см немесе БЖ бойынша минус 29,02 м құрады.

Кесте 1. Теңіз деңгейінің сипаттамалары.

Бақылау пункті	Орташа деңгей	Максималды деңгей	Бақылау уақыты	Минималды деңгей	Бақылау уақыты
Иголкинская банка	111	124	01.10.2024	106	25.10.2024
Жанбай					
Пешной	-72	-55	01.10.2024	-86	27.10.2024
Құлалы аралы	-146	-130	07.10.2024	-157	26.10.2024
Форт-Шевченко	-150	-135	09.10.2024	-160	26.10.2024
Саура	-157	-145	08.10.2024	-163	29.10.2024
Құрық	-174	-156	18.10.2024	-190	20.10.2024
Ақтау	-166	-156	01.10.2024	-170	18.10.2024
Песчаный	-37	-31	29.10.2024	-39	14.10.2024
Фетисово	-132	-125	07.10.2024	-154	10.10.2024

Ескертпе: Жанбай ТГБ деректері толық емес.

### Су температурасы.

Су температурасының қазан айындағы орташа мәні шамамен 13,4°C болды. Минимум 2,4°C-ден (Пешной) максимум 23,4°C-қа (Фетисово) тең болды.

### Ауа температурасы.

Қазандағы орташа ауа температурасы шамамен 12,7°C болды. Ауа температурасының максималды мәні Саура маңында 28,2°C дейін жетті, минималды ауа температурасы Пешной теңіз бекеті маңында байқалды (минус 3,5°C).

06.11.2024

Каспий теңізін гидрометеорологиялық зерттеулер басқармасы

Ғылыми-зерттеу орталығы


7 (7172) 79 83 12

[ugmikm@meteo.kz](mailto:ugmikm@meteo.kz)


Астана қ.,  
Мәңгілік Ел 11/1  
7 (7172) 79-83-32

[info@meteo.kz](mailto:info@meteo.kz)

[www.kazhydromet.kz](http://www.kazhydromet.kz)



Сур.1. Орташа теңіз деңгейі, см



Сур.2. Су температурасы, °C

### Желдің жылдамдығы мен бағыты.

Қазан айында Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде желдің орташа жылдамдығы шамамен 4.4 м/с болды, желдің максималды жылдамдығы 15 м/с-ге дейін жетті (Құлалы аралы).

Қазан айындағы желдің басым бағыты солтүстік-батыс (14.8%), шығыс (13,2%) және солтүстік (12,9%) болды.